

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

SikaTop® WP 667

Екі компонентті полимерцементті жақпалы гидрооқшаулағыш

СИПАТТАМАСЫ

SikaTop WP 667-бетон мен сылақты қорғауға арналған цемент пен акрил негізіндегі екі компоненттен тұратын жартылай серпімді гидрооқшаулағыш. Плиткаларды төсеу алдында негіздерді гидрооқшаулау және қорғау үшін қолданылады. Материалды бетке әр қабаты 2 мм-ге дейін болатын қалыңдықта шөткемен, шашыратқышпен немесе шпательмен қабаттап жағу ұсынылады.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

- Тік және көлденең беттерде, ішкі және сыртқы жұмыстар үшін.
- Іргетастар мен жертөлелердің қабырғалары.
- Ылғалды бөлмелер (ванналар, дәретханалар, асүйлер мен балкондар)
- Террасалар
- Сауналар, моншалар, SPA аймақтары және хамадар
- Науалар

МАТЕРИАЛДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

- Қылқалам, шпательмен немесе шөткемен жағылады
- Жоғары икемділік кішірек жарықтарды жабуға мүмкіндік береді
- Топырақтағы химиялық заттар мен тұздарға төзімді, бу өткізгіш
- Тік және көлденең беттерде қолданылады
- Жіксіз су өткізбейтін мембрана түзеді
- Шағын тербелістерге бейім жерлерде қолдануға болады
- Полимерлеу кезінде жарылып кетпейді
- Негізге қатысты жоғары адгезияға ие

ОРАУ

Sikatop WP 667 материалының құрғақ А компоненті 20 кг ылғалға төзімді қаптарға салынған. SikaTop WP 667 материалының В сұйық компоненті 5 кг канистрлерге құйылған.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ САҚТАУ

ШАРТТАРЫ материалдың жарамдылық мерзімі бұзылмаған зауыттық қаптамада 12 ай. Құрғақ жабық бөлмеде + 5°C төмен емес температурада сақтау керек. В сұйық компоненті 0°C-тан төмен температурада қатып қалады. Ашылған қаптамаларды бір аптадан артық емес, тығыз жабылған күйде сақтау қажет.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негізі берік, тегіс және кеуектілігі ашық болуы тиіс. Адгезияны төмендететін жарықтар, шаң, мастика, шайыр, су өткізбейтін сіңдіргіштер, майлағыш материалдар және басқа да ластаушы заттардың болуына жол берілмейді.

Гидрооқшаулауды жағар алдында тік және көлденең

беттердегі барлық ақаулар жөндеу құрамдарымен (SikaEmaco S 488 или SikaEmaco® N 900) жөнделуі тиіс. Жұмыс уақытын жеделдету үшін Сика Сентрал Эйша мамандарына жүгінуді ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Sikatop WP 667 компоненттерін араластырмас бұрын келесі әрекеттерді орындау қажет:

- SikaTop WP 667 материалының қол жетімді мөлшері оның шығынын ескере отырып жеткілікті екендігін тексеру;
- барлық қажетті материалдар мен жабдықтардың (араластырғыштар, шөткелер, шелектер, шпательдер және т.б.) бар екеніне көз жеткізіңіз;
- "Негізді дайындау" бөлімінде жазылған алдын ала жұмыстардың орындалуын тексеріңіз.

ЕРІТІНДІНІ ДҰРЫС ДАЙЫНДАУ ҮШІН КЕЛЕСІ НҰСҚАУЛАРДЫ ҚОЛДАНЫҢЫЗ

1. SikaTop WP 667 материалының жұмысқа қажетті мөлшерін араластыру алдында аз уақыт бұрын ғана ашыңыз.
2. Таза контейнерге 5 л сұйық В компонентін құйыңыз;
3. Миксерді қосыңыз, 20 кг SikaTop WP 667 А құрғақ компонентін жылдам және үздіксіз қосыңыз.
4. Барлық SikaTop WP 667 А құрғақ компоненті толтырылғаннан кейін, араластыруды түйіршіктер жойылып, қоспасы тегіс болғанша 3 минут бойы жалғастыру керек.
5. Қоспаны дайын болу үшін 3 минутқа қалдырыңыз.
6. Содан кейін 1 минут ішінде қайтадан тез араластырыңыз.
7. Алдын ала дайындалған негізді мұқият сумен қанықтырыңыз - SikaTop WP 667 жағыла бастағанда, негіз ылғалды болуы керек, бірақ сулы болмауы қажет. Бетінде су пленкасының пайда болуына жол бермеңіз.
8. Бірінші қабатты қылқаламмен жағыңыз (2 мм-ден аспайтын қалыңдықта) – бұл бүкіл бетті сіңдіру үшін қажет немесе қалақшаны пайдаланыңыз. Бұрыштарда және дөңгелектелген жиектерде жабынды мұқият қолданғаныңызға көз жеткізіңіз.
9. Қабаттарды қолдану арасындағы уақыт аралығы кем дегенде 24 сағатты құрауы керек.
10. Екінші және (құрғақ қабаттың ең жоғары қалыңдығы 2,5 мм болу үшін) үшінші қабатты жағыңыз – қылқаламмен немесе қалақшамен; бұл операция алдыңғы қабат толық қатайған кезде жүргізілуі керек.
11. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін 2-3 қабат қолдану ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ерітіндіні +5 градустан төмен және +25 градустан жоғары температурада, сондай-ақ жел өтетін жерлерде қолдануға болмайды.
- Негіздегі жарықтар гидрооқшаулағыш құрылғыға дейін жөнделуі керек.

- SikaTop WP 667 қолданар алдында негізді ылғалдандыру керек. Ол ылғалды болуы керек, бірақ сулы болмауы керек.
- Егер негіз суды тез сіңіріп, жоғалтса, бұл беттің жеткілікті ылғалданбағанын білдіреді.
- Ыстық және желді ауа-райында гидрооқшаулағыштың бірінші қабатын В сұйық компонентінің массасынан 10% (1 кг) су қосып илеу керек.
- Сіңіргіш негіздерде, мысалы, гипсокартон, гипс құрамдас еден немесе сылақтарда жұмыс істеу үшін SikaTile® P 300 төсеме бояу құрамын пайдаланыңыз.
- Араластырылған SikaTop WP 667 гидрооқшаулағыш ерітіндісін 2 сағат ішінде қолдану керек. Жоғары температура ерітіндінің қызмет ету мерзімін қысқартады, төмен температура жоғарылатады.
- Дайындалған гидрооқшаулағыш ерітіндісіне су мен гидрооқшаулағыштың басқа компоненттерін қосуға тыйым салынады.
- SikaTop WP 667 гидрооқшаулағышы оны қолданғаннан кейін 7 күннен кейін ғана судың әсеріне төзімділікке ие болады.
- Гидрооқшаулау жұмыстары аяқталғаннан кейін құрал-саймандардағы ластануларды дереу сумен тазарту қажет.
- Ерітінді кепкеннен кейін тек механикалық тазалауға болады.

ГИДРООҚШАУЛАУ ШЫҒЫНЫ

Құрғақ қабаттың қалыңдығы - 2 мм-2,5 мм
1м2 тұтыну -3,6 кг -4 кг
Тұтыну: 1 м² бетке 1 мм қабат қалыңдығы үшін жинақтағы қоспаның шығыны – 1,9 кг.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Өнімде терінің және шырышты қабаттардың тітіркенуін тудыратын цемент бар, сондықтан көзге, теріге тиюден аулақ болу керек. Тітіркену жағдайында зардап шеккен аймақтарды сумен мұқият жуып, материал туралы ақпарат беріп, дәрігерге қаралыңыз.

Техникалық сипаттамалары*

Түсі	Сұр
Қолдану температурасы	+5°C + 30°C
Ерітіндінің дайын болу уақыты	5 мин
Ерітіндінің өміршеңдік уақыты	120 мин
Жүру жүктемесі	48 сағаттан кейін
Плиткаларды төсеу	72 сағаттан кейін
Судың әсері	7 күннен кейін
Бетонмен жабысу беріктігіне 28 күннен кейін қол жеткізіледі.	0.6 Мпа астам
Судың оң қысымы	2 бардан астам
Пайдалану температурасы	- 20°C + 80°C
Тұтыну: бірінші қабат	1.80 кг/м2

Ескертпе:
Техникалық сипаттамада берілген барлық ақпарат шынайы, нақты және дәлелденген әрі мәліметтер мен барлық жинақталған тәжірибені біріктірсе де, компания материалды мақсатсыз қолдануға, ұсынылған техникалық ұсыныстарға және өкілдеріміздің немесе дистрибьюторларымыздың әрекеттеріне жауап бермейді.
Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық дерек кезеңімен жаңартылып отырады, соңғы жаңартылған нұсқаны алу тұтынушының міндеті.

Сика Сентрал Эйша ЖШС

050016, Almaty , Kazakhstan 100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor Raiymbek ave., 211A Phone +7 (727) 39 000 39 Phone +7 (727) 222 12 83 E-mail: info@kz.sika.com www.sika.kz	060021, Atyrau , Kazakhstan Azattyk ave., 116A Phone +7 (7122) 30 88 22	010000, Astana , Kazakhstan Beisekbayeva street, 24/1 Phone +7 (7172) 69 51 84
---	--	---